

Б.А.Абылбаева<sup>1</sup>, Г.А.Ахметжанова<sup>2</sup><sup>1</sup>Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қарағанды;<sup>2</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: guld84@mail.ru)

## Қазақ тілін мамандыққа сәйкестендіріп қатысымдық тұрғыдан оқыту мәселелері

Мақалада қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың түрлері «Экономика», «Заң», «Әлеуметтік педагогика», «Математика» мамандықтары бойынша талданды. Қазақ тілін мамандыққа байланысты оқытудың қалыптасуына әсер ететін еңбектер, оқу құралдары, сөйлеу тілін қалыптастыруға бағытталған лексикалық материалдар кәсіптік білім берумен қатар, танымдық, тәрбиелік сипатымен ерекшеленеді. Сондай-ақ авторлар жаңа ақпараттық технологияның өзектілігіне, ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың оқу-тәрбие үдерісіндегі тиімділігіне де тоқталып өткен.

*Кілт сөздер:* мемлекеттік тіл, мамандық, қазақ тілі, кәсіптік, оқыту, білім, тіл үйренушілер, қатысымдық, кәсіби тіл, мәтін.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен де байланысты. Кәсіптік-техникалық лицейлер мен жоғары оқу орнын бітірген жас буын — әрі болашақ маман, әрі өндірісті ілгері дамытатын кәсіпкердің алдыңғы қатарлы маман болуы өз елінің тілін жоғары деңгейде білуімен де терең сабақтасады. Әдіскер-ғалымдар қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын қарастырып келеді. Осыған байланысты тілді мамандыққа сай үйретуге арналған әдістемелік оқулықтар мен оқу құралдары көптеп жарық көруде. Бұл оқулықтар студенттердің ғылыми тілді, мамандыққа қатысты кәсіби тілді, ресми-іскерлік тілін жеткілікті түрде меңгеруіне ықпал етуде [1].

Қазақ тілін мамандыққа байланысты оқытудың қалыптасуына әсер ететін еңбектер, оқу құралдары, сөйлеу тілін қалыптастыруға бағытталған лексикалық материалдар кәсіптік білім берумен қатар, танымдық, тәрбиелік сипатымен ерекшеленеді.

Ғалымдар теориялық және әдістемелік тұрғыдан тілдік қатынас әрекетінің түрлерін — оқылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім деп бөліп қарастырады. Ғалым Қ.Қадашева «Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі» (2001) деген докторлық диссертациясында мамандық тіліне бейімдеп оқытуда жаңаша жаңғыртып оқыту әдістемесінің әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалануға болатындығын, тіл үйренушілердің өз саласында тілді қолдану қызметінде лексикалық минимумды анықтау қатысымдық қажеттілікті қамтамасыз ететін ерекшелік екендігін көрсетті [2].

Студенттердің мемлекеттік тілді тиімді игеруінің басты факторы — оқу бағдарламалары мен оқулық, оқу құралдары, оқу-әдістемелік материалдарды модульдік оқу жүйесімен берудің ұтымдылығы, модульдік жүйеге негізделген электрондық оқулықтардың да студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне тиімділігі дәлелденіп отыр.

Жоғары оқу орындарының экономика факультетінің қазақ тілін жалғастырып, тереңдетіп оқытын топтарына арналған ғалымдар З.Күзекова мен Г.Қарақұсованың «Қазақ тілі» оқулығын ерекше атап өтуге болады [3]. Бұл еңбектің басты мақсаты — сөйлеу тілі қалыптасқан үйренушілердің қазақша сөйлеуін, жазуын, баяндауын мамандыққа қатысты жетілдіру, сөздік қорын байыту. Жалпы оқулық 20 сабақтың материалын қамтиды. Мәтінмен жұмыс істеуде сөз мағынасын түсіндіру, нақтылау, оны студенттердің тіліне енгізу белгілі бір тақырып төңірегінде берілген. Мәселен: «Ақша деген не?» атты оныншы сабаққа берілген мәтін бар. «Ақшаның қызметі: құн өлшеуші, бақылау құралы, баға көлемін көрсету құралы, айналым құралы, қор жинау құралы, қазына құралы, төлем құралы. Көп уақытқа дейін ақшаның рөлін әр түрлі тауарлар атқарды. Алайда біртіндеп өндірістің дамуы процесінде ол алтынға берік орнықты. Елімізде заңды тәртіппен бекітілген ақша белгілері бар. Құн өлшемі қызметінде ақша — баға белгілеу құралы. Өнімді бөлуге,

айырбас жасауға және тұтынуға қызмет ету үрдісінде ақша қозғалыс жасап, ақша айналымын құрайды.

Ақша айналымы дегеніміз — еңбекке ақы төлеу, тауар өткізу, көрсетілген қызмет үшін есеп айырысу және басқа да төлемдерді жүзеге асыру барысында ақшаның үздіксіз қозғалысқа келуі. Ақшаның ең басты ерекшелігі де, құнды қасиеті де оның адамдарға қажеттілігінде».

Мәтін төмендегідей грамматикалық, лексикалық, коммуникативтік тапсырмалар жүйесінен құралған:

– «ақша» терминіне анықтама беріңіз;

– Экономикалық сөздікті пайдаланып, сөздердің мағынасын ашыңыз: денежная единица, денежная масса, денежно-кредитное регулирование, денежно-кредитный кризис, денежное обращение, денежные знаки, денежный агрегат, денежный расчет.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

а) Ақша қозғалысы қандай экономикалық терминді қалыптастырады?

ә) Ақшаның ерекшелігі неде? Бұл туралы мәтіннің қай абзацында берілген?

б) 1-абзацтағы «құрал» сөзімен тіркескен сөздерге назар аудаңыздар, орысша баламасын айтыңыздар.

Берілген сұхбатты оқып, өз көзқарасыңызды қосыңыз.

Қазақстанның ұлттық валютасын шетелдікке таныстырыңыз.

Мына шағын мәтіндегі бизнесмендердің пікірлеріне тағы не қосуға болады? «Бизнесмендерге миллион табу қиын емес, дейді. Олар үшін ақша табу қызықты ойын сияқты. Олардың пікірінше, ақша ақшаға келеді және пайда әкеледі. Өйткені жылдам ақша айналымы экономиканы тұрақтандырады».

Сұрақтарға жауап беріңіздер:

– Даму үшін ақша мақсат па әлде құрал ма?

– Өздеріңіз көріп жүрген «Алтын киік» мультфильміндегі ақшақұмар патшаның жай-күйі немен аяқталады?

–«Ақша табу қызықты ойын сияқты» деген тұжырымға қалай қарайсыз? –«Ақшаны ақша жасайды» деген ұғымды қалай түсінесіз?

– «Денсаулық ақшадан қымбат» деген тұжырыммен келісесіз бе?

– Өте жылдам ақша айналымы экономиканы тұрақтандыра ма?

Күлейік, демалайық: «Қожанасыр мен Алдар».

Берілген мақал-мәтелдерді талдаңыздар:

1. Теңге тиыннан, Жылқы құлыннан өсер.

2. Ақша кетуге тырысады, Есеп ұстауға тырысады.

3. Ақшаның ашпайтын құлығы жоқ.

4. Ақшада көз жоқ.

Даналар сөзін тыңдайық: «Жамандықтың үлкені — пайдакүнемдік, Пайда қуған адам шыншыл да, принципшіл де, ержүрек те, өз парызына адал да бола алмайды» (В.А.Сухомлинский).

– «Адамның асқан сұлулығы — оның сезгіштігі, қарапайымдылығы, тілектестігі, ниеттестігі» (В.А.Сухомлинский).

– «Әр адамның құдайы — өзінің ары» (Менандр).

– «Ұят деген — адамның өз бойындағы адамшылығы» (Абай).

Студенттердің білімін қорытындылау сабақ соңында сөзжұмбақ, пікірталас сұрақтары және оларды толғандыратын мәселелер төңірегінде құрастырылған. Сондай-ақ ертегілер елінен, көркем шығармалар, шешендік өнер, қанатты сөздер және сергіту мақсатында Қожанасыр қызықтарын алуы тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырып, тіл үйренуге ынтасын күшейтетіндігін өз тәжірибемізден көріп жүрміз. Тіл үйренушінің сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға оқу құралындағы сөздік-минимумның көмегі тиетіні сөзсіз.

Мамандыққа бейімдеп жазылған, өзінің танымдық-тәлімдік мәнімен ерекшеленетін оқулықтардың бірі — жоғары оқу орындары заң факультетінің студенттеріне арналған ф.ғ.д. профессор А.С.Әділованың авторлығымен жазылған «Қазақ тілі: заң факультеті студенттеріне арналған оқу құралы» [4]. Оқу материалдары сұхбат, мәтін, түрлі жаттығулар кешендері арқылы студенттерге қазақ тілін кәсіптік бейімдей үйретуге арналған. Мұндағы мазмұны терең мәтіндер, лексика-грамматикалық жаттығулар жүйесі, шығармашылық тапсырмалар студенттерді қазақ тілінде еркін сөйлесуге, әңгімелесе білуге, баяндама жасауға, сұхбат алуға, пресс-конференциялар мен

пікірталасқа қатысуға үйретеді. Әрбір сабақта мәтін, мәтінге қатысты сөздер, грамматикалық түсініктеме, ойтүрткі сұрақтар, лексикалық түсініктеме, мәтінге дейінгі, мәтіннен кейінгі тапсырмалар, диалог, мәтінге қатысты түсініктерді тексеруге арналған сұрақтар, мәтіндегі грамматикалық тұлғаларды табу жұмыстары, лексика-грамматикалық тест, тапсырмалар, сөзжұмбақтар, афоризм, нақыл сөздер, салыстыру тапсырмалары, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар жүйелі түрде «қарапайымнан күрделіге» ұстанымы негізінде құрастырылған.

Еңбекте ұсынылған заңгерлер өмірінің барлық салаларын қамтыған қызықты мәтіндер мен ұлттанымдық деректер, қатысымдық тапсырмалар, сұхбат түрлері тіл үйренушілердің ана тілінде еркін сөйлеп, өз ойларын жазбаша да толық жеткізе алуларына мүмкіндік береді. Ондай мәтіндер төмендегідей топталған:

1. Атақты адамдар өмірінен: Әл-Фараби, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев, Барлыбек Сыртанов.

2. Ер есімі — ел есінде: Тұңғыш ғарышкер; Ана тілің — арың бұл; Қазақ тілі (М.Жұмабаев), Үш бақытым (М.Мақатаев); Қазақстан Республикасының Конституциясы; Мемлекет;

3. Қоғам және заң: қазақ заңдары, заң, қылмыс, құқық қорғау мекемелері, жастар қылмысы, жаза және оның түрлері, Қазақстан Республикасының Еңбек туралы Заңы;

4. Сот жүйесі: қорғаушы қызметі, сот мәжілісінде, заң терминдері, Нюрнберг процесі. Студенттердің жалпы білім өрісін кеңейту мақсатында қосымша материалдар ұсынылады.

Көркем шығармалар мен ғылыми еңбектер бойынша іріктеліп алынған мәтіндер және оларға қатысты құрастырылған әр түрлі тапсырмалар жүйесі модульдік технологияға сәйкестендірілген. Сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмысы түсіндірме, фразеологиялық, аударма сөздіктер арқылы іске асады. Шағын хабарлама жасау, жоспар құру, белгілі бір тақырыпқа шығарма, баяндама, тезис, реферат, конспект жазу тапсырмалары болашақ мамандардың жазбаша тілін дамытуда, өз ойын, пікірін жеткізуде басты орын алады. Сөз маржандары — мақал-мәтел, нақыл сөздердің мәні түсіндіріліп, есте сақтау керектігі ескеріледі. Студенттерді қызықтыратындай, халықтың асыл қазынасы — шешендік өнер тарихына, шешендік сөз үлгілеріне баса көңіл бөлінген. Студенттердің өз бетімен ізденіп, кәсіби шеберлігін жетілдіруі, сөз байлықтарының молайып, сөйлеу дағдысын қалыптастыру кітап соңындағы көркем әдебиеттен алынған шағын үзінділер арқылы жүзеге асады: «Қызметіне келсе, қабылдауына ренді, денелі келген орыс жігіті жазылып, жолын күтіп отыр екен.

– Кіріңіз, — деді сырт киімін шешіп, киім ілгішке іліп жатып.

Әлгі жігіт баппен нығыз басып орындыққа отырды, алдына былғары папкісін қойды, өзін-өзі таныстыруды ұмытпады.

– Халықаралық адам құқы жөніндегі лиганың кеңесшісімін, заңгер-сарапшы, парламент мүшесі Богдан боламын, — деді, — академик Сахаровтың өлімі жайлы сарапшылық, зерттеушілік кітап жазып бітірдім, желтоқсан оқиғасына қатысып, шейіт болған бірер басты кісінің, сол кезеңде өзіне-өзі қол салды деген билік азаматтың қазасын зерттеп қорытынды жазу шаруасымен бұрылдым».

Қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының аға оқытушысы, әдіскер Г.Х.Абдрахманованың мамандыққа байланысты модульді оқыту жүйесімен жазылған әлеуметтік факультетке арналған оқулығы бар [5]. Оқулықта мамандық бойынша модульді оқыту сабақтарының жоспары, лексикалық тақырыптардың оқыту үлгілері, сұхбаттар, құжат үлгілері, тестік сұрақтар, қосымша материалдар мен глоссарий берілген. «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша оқитын студенттердің қазақ тілінде сөйлеу деңгейін дамытуға және әлеуметтік қызметкерлерге арналған оқу құралы жеті бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде осы мамандыққа байланысты модульді оқыту сабақтарының жоспары ұсынылған. Жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі дайындаған типтік оқу бағдарламасын (Алматы, 2002) және Жалпы білім беру пәндері бойынша типтік оқу бағдарламасын (Алматы, 2005) басшылыққа ала отырып, мамандыққа байланысты жасалған. Онда сөздік минимумдар, тақырып және тақырыпшалар, жағдаяттық тапсырмалар, грамматика берілген. Жоспар сөйлеу әрекетінің төрт түрін — тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым талаптарын мамандыққа тән үйрету мен ұштастыру негізінде алынған. Жоспар V модульден құрылған. Әр модульдің негізгі тақырыбына қосымша лексикалық тақырыптар, тілдік материал, сөздік минимум және жағдаяттық тапсырмалар берілген. Алынған лексикалық тақырыптар әлеуметтік жұмыс мазмұнын қамтитын, яғни саясат, әлеуметтік тұрмыс-жағдай, мәдениет, өзін-өзі тану, денсаулық, экологиялық мәселе, еңбек, елтану, адамгершілік құқық т.б. тақырыптардан құрылған. Студенттердің ұлттық санасын

калыптастыру мақсатында арнайы «Ұлылардың айтқаны», «Жақсы өлеңді жаттайық», «Халық даналығы» және мақал-мәтелдер, тақырыптық рефераттар және т.б. дербес тапсырмалар ұсынылған.

Оқытудың мазмұны:

1. Әлеуметтік тіршілік.

– күнделікті өмірдегі қарым-қатынас, қажетті жағдайдағы сұрап-білісу, отбасында, әлеуметтік ортада жөн сұрасу;

– өзі туралы, досы туралы, басқа адам туралы пікір айту;

– ұсынылған тақырыптар көлемінде сөйлесім.

1. Елтану:

– лексикалық, тілдік материалды одан әрі дамыту;

– туған жері, өмір сүріп отырған ортасы, оның түрлі жағдайы;

– қазақ елі туралы;

– еліміздің әлеуметтік жағдайы, қоғам туралы, жастар, өнегелі адамдар туралы айта білу дәрежесін қалыптастыру.

2. Мамандық әлемі:

– әлеуметтік жұмыс туралы ұғымдарын кеңейту, қызығушылығын арттыру;

– сұрақ қоя білу, жауап беру, хабарлама жазу;

– мамандыққа байланысты терминдерді түсініп, жұмыс жасай білу, газет, журналдармен жұмыс;

– жұмыс барысындағы түсінісу.

3. Іскерлік:

– ресми іскерлік, әдеп ережелерін қолдана білу, теле-, радиотыңдау, естігенін айту;

– түсінгенін жазу;

– кездесу, жиналыс, отырыстарда сөйлесу, жүргізе білу, пікір айту. Құжаттарды толтыру, жазу.

4. Өнер алды — қызыл тіл:

– білікті маман ретінде қазақ әдеби тілінің лексикасын меңгеру;

– әдеби тіл, лексикалық норма, орфоэпия, орфография туралы мәліметтерді меңгеру;

– грамматикалық құрылыстың стильдік қызметімен танысу;

– мәнерлеп сөйлеуге үйрену, мәнерлеп оқу;

– қазақ халқының шешендік өнерімен, классикалық үлгілерімен танысу.

Екінші бөлім — бағдарламада берілген кейбір лексикалық тақырыптарды оқытудың үлгісі.

Оқыту барысында сөйлеу әрекетінің төрт түрі де қолданылады. Жаттығулар тақырыпқа байланысты құрастырылған. Тақырыптар, мәтіндер, жаттығулар тәрбиелік маңызы бар, өмірмен байланысты. Мәселен: Мынадай лексикалық тақырып алынған «СПИД /ЖИТС/ және оны алдын алу». Тақырып ұлы Абайдың даналық сөзімен басталып: «Әрбір жаманшылықтың арасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл — адамға нұр болады» және соңында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлең шумағын жаттап алуға тапсырма берілген:

*Жақсылық көрсем өзімнен,*

*Жамандық көрсем өзімнен,*

*Тағдыр қылды деулерді*

*Шығарамын сөзімнен.*

Үшінші және төртінші бөлім — сұхбаттар мен өз бетімен оқып, аудару үшін берілген мәтіндер, құжаттарды оқып үйрену үлгісі, сауатты жаза білу.

Бесінші бөлім — қосымша оқып аудару үшін мәтіндер.

Алтыншы бөлімде — тест сұрақтары.

Жетінші бөлімде — грамматикалық мәселелер қамтылған глоссарий ұсынылады.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне мамандыққа байланысты оқытуды көздейтін еңбектердің бірі — ф.ғ.к., доцент Б.М.Айтбаеваның авторлығымен жазылған «Математика факультетіне арналған қазақ тілі» [6]. Автор студенттердің мамандығына, кәсібіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды, сөздік қорларын байытуды, кәсіби сөздерді меңгеріп, өз ойларын дұрыс мазмұндап жеткізуге, аға ұрпақтың өнегелі өмірін өздеріне үлгі ете білуге үйретуді мақсат етеді. Сөйлеудің түрлері, олардың ерекшеліктері туралы мағлұмат беретін жаттығуларды, сауалнама сұрақтарын орындау барысында студенттердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігі туады. Сонымен қатар оқулық негізінде тіл үйренушілер жазылым әрекеті арқылы іске асатын шығармашылық жұмыстарды жазып үйренуге машықтанады. Еңбектегі жаттығулар мен мәтіндер тақырыбы студенттердің мамандығына, оқу

орнының тарихына, ғалым-математиктер, ұлы тұлғалар Әл-Фарабиден бастап, Архимед, Аристотель, Пифагор, Эйнштейн, С.В.Ковалевская және т.б. ұлы тұлғалармен бірге өз жерлестеріміз, ғалым-математиктеріміздің, яғни Әлімхан Ермеков, Ибадулла Ақбергенов, Базарбай Оразбаев, Төлеубай Аманов, Орымбек Жәутіковтің өнегелі өмір жолдарына байланысты құрылған. Оқу құралындағы берілген барлық жұмыс түрлері тіл үйренушілердің кәсіби тілдік қатынасқа түсуін сөйлесім әрекетінің (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) бір-бірімен байланысуы негізінде қарастырылған. Оқулықтың он бірінші сабағында жерлесіміз, қарағандылық Орымбек Жәутіков туралы мәтін, сол мәтінге байланыстырып алынған 16 жұмыс түрі бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін тоқтала кетсек: 1. Жаңа сөздермен жұмыс (10 сөз аудармасымен берілген). 2. Мәтін: «Орымбек Ахметбекұлы Жәутіков 1911 жылы 1 мамырда Қарағанды облысы Қоңырат ауданына қарасты № 2 ауылда дүниеге келген. Шығыс халықтары арасында оқу-ағарту жұмысын дұрыс жолға қою жөніндегі Үкімет Қаулысы бойынша ауыл-елден оқуға балалар науқаны басталғанда, Ақтоғайдан Қарқаралыға барған қазақ балаларының ішінде Орымбек Ахметұлы да болды.

Орымбек Ахметбекұлы 1930 жылы Қарқаралыдағы мектепті бітірісімен, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының физика-математика факультетіне түсті. 1934 жылы осы институтты қызыл дипломмен аяқтап, сонда ұстаздық қызметке қалдырылды. Ассистент, аға оқытушы, доцент, декан, проректор, жоғары математика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Қазақ КСР Ғылым академиясында аға ғылыми қызметкер, математика және механика бөлімінің меңгерушісі, институт директорының орынбасары, осы институттың математика бөлімінің академик-хатшысы, Қазақ КСР ҒА-ның президиум мүшесі болып қызмет жасады. О.А.Жәутіков 1944 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады. Оның екі жүзге жуық ғылыми, әдістемелік жұмыстары, оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді».

3. Сұрақтарға жауап беріңіз:

– О.Ахметбекұлы қай жерде дүниеге келген?

– Ол қай жерде оқыған?

– Оның қандай еңбектері бар?

4. Мәтіннен тәуелдік жалғаулы сөздерді теріп жазыңыз, аударыңыз.

5. Мәтіннен сан есімдерді теріп жазыңыз, сөйлем құраңыз.

6. Берілген сөйлемдерді аяқтаңыз.

7. Мәтіннен математикалық терминдерді теріп жазыңыз.

8. Кесте бойынша сөйлем құрастырыңыз.

9. Сөздердің синонимдік қатарын анықтаңыз.

10. Көп нүктенің орнына төмендегі қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойыңыз.

11. Әріптерден мәтінде кездесетін сөздер құрастырыңыз, ойланып көріңіз.

12. Кесте бойынша сөз таптарын жазып шығыңыз.

13. Берілген сөздерді қатыстырып сұхбат құрыңыз.

14. Берілген сұхбатты аяқтаңыз.

15. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырыңыз.

16. Сабақты қорытындылауға арналған тестке жауап беріңіз.

Әрбір лексикалық тақырыпқа грамматикалық түсініктеме және жаңа сөздер берілген. Студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне арналған математикаға қатысты алынған мәтіндер халық ауыз әдебиетінен, тұрмыс-салт жырларынан, ұлы адамдар өмірінен, ел экономикасы, Қазақстанның өндіріс орындарынан көп мағлұмат береді.

Сонымен қатар осындай сабақты қазіргі жаңа технология түрлерімен жабдықтап, түрлендіріп өткізуге, яғни студенттердің шығармашылығымен, ұластыруға әбден болады. Оқулық соңында киелі сандар туралы «Үш жұрт», «Үш тағылым», «Үш арыс», «Үш би» және т.б. «Жеті күн», «Жеті жұт», «Жеті жетім» т.б. мақал-мәтелдер, даналар сөздері, халық өлшемдері, қызықты есептер, санжұмбақтар, жұмбақ-жаңылтпаштар, сонымен қатар студенттердің өздік жұмысына арналған мәтіндер (Карл Гаусс, А.Н.Колмогоров, Өткен шақты және уақыттағы проценттер, Параллель түзулер туралы, Готфрид Лейбниц және оның дифференциалды есептеу әдістері, Р.Ф.Бернхард, Леонардо Пизанский, Си алгоритмдік тілінің кейбір ерекшеліктері, Максимум және минимумға есептер, Графтарды пайдаланып логикалық есептерді шешу), математикалық сөздік-минимум берілген.

Тіл дамытудағы ең тиімді әдістердің бірі — мәтін бойынша жұмыс істеу десек, мәтіндер күнделікті тұрмыста қолданылатын, мамандық бойынша, төменгі және орта топ студенттеріне арналған мәтіндер болып барлық оқулықтарда топтастырылады. Мәтінмен жұмыс жүргізу

нәтижесінде тіл үйренушілердің кәсіби сөздік қоры байып, сөйлеу мүмкіндіктері дами түседі. Яғни, тілдік жағдай жүйесін үнемі мамандықпен байланыстырып отыруы қарастырылған қазақ тілін мамандыққа қатысты үйретудегі мәтіннің маңызды рөл атқаратынын өз тәжірибемізден білеміз. Мамандыққа қатысты мәтіндерді іріктеу ұстанымдары дұрыс сөйлеуді жетілдіруге қызмет ету үшін:

- 1) тақырып пен мазмұнның тартымдылығы;
- 2) тіл үйренушілерді өз бетімен жұмыс істеуге ынталандыру;
- 3) қатысымдық (коммуникативтік) қасиеттің басым болуы;
- 4) мамандыққа байланысты ғылыми мәтіндер студенттерде қажеттілік сезімін туғызуы керек.

Ол үшін:

– мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған тапсырмалар (сөздікпен жұмыс, омоним, синоним, антоним сөздер, фразеологизмдер, сөз тіркесі, сөйлем, сұрақ-жауап);

– мәтіннен алынған ақпаратқа шығармашылық ізденістер мен толықтыруға арналған тапсырмалар (шығарма, эссе, презентациялар, бейнетүсірілім, фильмнен үзінді және т.б.);

– мәтіндегі хабарларды күнделікті, қажетті қарым-қатынасқа, сөйлесуге қолдана білуге арналған тапсырмалар болуы қажет (сұхбат, жағдаят, көрініс, ойын түрлері және т.б.).

Сонымен қатар грамматикалық ережелерді түсіндіруге түрлі кестелер, студенттердің өздік жұмысына байланысты тапсырмалар, қазақша-орысша сөздіктер, мамандығына байланысты сөздік-минимумдар, глоссарийлер беріледі. Осы айтылғандарды іс жүзіне асыру барысында оқытушының инновациялық іс-әрекеті — өз қызметіне жаңа технологияларды енгізу.

Білім беру жүйесінде қазір технологиялардың сан алуан түрлері бар. Осыған байланысты деңгейлік тапсырмалар беруде оқытушы ең алдымен тапсырмалардың мазмұндық жүйелілігіне баса назар аударады. Жаңа инновациялық технологияны жүзеге асыруда оқытушы белсенділігі, шығармашылық ізденісі артып, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, студенттерін жеке тұлға ретінде бағалауы орын алады.

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың оқу-тәрбие үдерісінде қолданылуы студенттердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ақпараттық компьютерлік технологияны пайдалануда студенттер мектепте алған білімдерін ұштап, мамандыққа сай берілетін білімдерін молайтып, сабаққа белсене қатысады. Өйткені компьютер арқылы оқу материалын беруге, оны эфирлеуге, бақылауға, қорытындылауға, көмек беруге мүмкіндік зор.

Түсті графиканы, бейнетехниканың мүмкіндіктерін пайдалану оларға ерекше әсер етеді. Студенттің кез келген тапсырманы аяғына дейін орындап, өзінің ой-өрісін пайдаланып, кез келген сұрақты қойып, оның шешімін тауып, білімін дамытуға мүмкіндік туғызады. Міне, осыларды бір-бірімен ұштастырып, тығыз байланыстыра білгенде ғана, келер ұрпаққа қоғам талабына сай болашақ мамандыққа икемдеп, тәрбие мен білім беруге әбден болады деп айта аламыз.

Сонымен, қазақ тілін мамандыққа байланысты оқыту әдістемесінің жасалуы төмендегідей ұстанымдарға негізделетіндігі дәлелденді:

- қазақ тілін мамандыққа байланысты оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесінің негізі қаланған;
- тілді қатысымдық бағытта үйретудің лингвистикалық негізі сөйлесім әрекеті және оның түрлері қарастырылған;
- тілдік тұлғаның қатысымдық құзыреттілігін дамыту басты міндет ретінде алынған;
- қатысымдық бағдарлы оқытуды жүзеге асыру мақсат етіледі;
- кәсіби тілдік қатынасты жетілдіруге тіл үйренушінің қазақша сөйлеу тілін кәсіби қарым-қатынас тілі ретінде дамыту көзделеді;
- лексикалық минимумды танымдық-бағдарлы оқыту, грамматикалық минимумды мамандыққа сай мәтіндер мен жаттығулар арқылы оқыту ұсынылады;
- қазақ тілін мамандыққа байланысты оқыту технологиясына байланысты әдістемелік кешен ұсынылып, оның тиімділігі тәжірибе арқылы дәлелденуде.

Осыдан келіп, ғалымдардың пайымдаулары бойынша, тілді мамандыққа қатысты оқытудың ұтымды жақтары шығады:

- тіл үйренушілер қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алады;
- кәсібіне байланысты жинаған сөздік қорды жұмыс орнында пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізу дағдысы қалыптасады;
- қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы арта түседі;

- қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде тіл үйренушілер Қазақстан тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт-дәстүрімен танысып, білімдерін молайтады;

- күнделікті қызмет бабында ресми-іскери сөйлесуге тән тұлғаларды меңгеріп, мамандыққа қатысты ісқағаздарды жазуды үйренеді;

- болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуына, өсуіне және дамуына, өз мамандығын саналы сезінуіне мүмкіндік туады.

Қорыта келе, жоғарыда қарастырылған әдіскер-ғалымдардың оқулықтары мен оқу құралдарында қазақ тілін мамандыққа сәйкестендіріп қатысымдық тұрғыдан оқытудың мәселелері мен айтылған ойлардың өзіндік ерекшеліктері, заңдылықтары, оны меңгерудің әдіс-тәсілдерінің кәсіби қатынаста атқаратын маңызы зор. Сондықтан тілді мамандыққа сәйкес оқытуға байланысты айтылған құнды ой-пікірлер мен қарастырылған әдіс-тәсілдерді оқыту үрдісінде пайдалану аса қажет.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілін оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары: Респ. ғыл.-әдіст. конф. материалдары. — Алматы, 2011. — 89-б.
- 2 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, Білім, 2001. — 25-б.
- 3 Күзекова З., Қарақұсова Г. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының экономика факультеттеріне арналған оқулық. — Алматы, Білім, 1997. — 19-б.
- 4 Әділова А.С. Қазақ тілі: заң факультеті студенттеріне арналған оқу құралы. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. — 24-б.
- 5 Абдрахманова Г.Х. Әлеуметтік-педагогикалық факультет. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006.
- 6 Айтбаева Б.М. Математика факультетіне арналған қазақ тілі: оқу құралы. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. — 45-б.

Б.А.Абылбаева, Г.А.Ахметжанова

### Проблемы профессионально-ориентированного обучения при изучении казахского языка

В статье рассмотрены вопросы преподавания казахского языка как профессионального на примере специальностей «Экономика», «Юриспруденция», «Математика», «Социальная педагогика». Учебники, электронные учебники, лексические задания имеют также воспитательное и познавательное значение для всего процесса обучения. Авторами затронуты проблемы инновационных технологий в обучении казахскому языку, обращено особое внимание на использование при обучении информационно-телекоммуникационных технологий.

B.A.Abylbayeva, G.A.Akhmetzhanova

### The problems of teaching kazakh language according to speciality

The questions of Kazakh languages teaching as a professional language are regarded in the article by specialties examples as «Economics», «Jurisprudence», «Mathematics», «Social education». Textbooks, electronic books and lexical exercises are not only aimed at speciality but also promote cognitive temper of studying. The problems of innovation and telecommunication technologies in Kazakh language's teaching were also touched upon. Besides we paid particular attention to informative and telecommunication technologies usage.

### References

- 1 To teach Kazakh language: achievements and new directions of development: the materials of Republic scientific and methodical conference, Almaty, 2011, p. 89.
- 2 Kadasheva K. *The scientific and methodical basis of modern teaching: Kazakh language in other classes: Dis. ... doc.ped.science*, Almaty: Bilim, 2001, p. 25.
- 3 Kuzekova Z., Karakusova G. *Kazakh language: The textbook for economical faculties of high school*, Almaty: Bilim, 1997, p. 19.
- 4 Adilova A.S. *The textbook for law faculties of high school*, Karaganda: Bolashak-Baspa, 2006, p. 24.
- 5 Abdrakhmanova G.Kh. *Social and pedagogical faculty*, Karaganda: Bolashak-Baspa, 2006.
- 6 Aitbayeva B.M. *Kazakh language of mathematical faculty: tutorial*, Karaganda: Bolashak-Baspa, 2006, p. 45.